# “2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі №192 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 260 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда № 6083 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және “Білім туралы” Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. “2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 192 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5971 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 қазанда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2017 жылғы 10 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 қазаннан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

*Жалағаш ауданының әкімі* *Қ. Сәрсенбаев*

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы №260 қаулысына қосымша

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі №192 қаулысына қосымша

## Жалағаш ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

| № | Мек-теп-ке дей-ін-гі тәр-бие және оқы-ту ұй-ым-да-ры-ның әкім-шілік- | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мек-теп жа-нын-да-ғы то-лық | Мек-теп жа-нын-да-ғы жар-ты | Дер-бес то-лық | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аумақ-тық ор-на-ла-суы ( аудан) | Ба-ла-бақ-ша ( бөбек-жай-бақ-ша ) | күн-дік ша-ғын-ор-та-лық-тар | күн-дік ша-ғын-ор-та-лық-тар | күн-дік ша-ғын-ор-та-лық-тар | Дер-бес жар-ты күн-дік ша-ғын-ор-та-лық-тар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Жа-ла-ғаш ауда-ны | 1145 | 300 | 0 | 0 | 0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК